e-mail: kostanaytany@mail.ru

www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

24 қазан 2018 ж. сәрсенбі №124 (18772)

ЖАС ҰРПАҚ

«Туған елге тағзым»

Қымбат ДОСЖАНОВА

Мына суреттегі шәкірттер Ақтөбе және Тараз қалаларындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқушылары. Олар «Туған елге тағзым» жобасының аясында Тобыл-Торғай өлкесінің тарихымен танысу үшін арнайы келіпті. Ал, қостанайлық оқушылар шырайлы Шымкентке саяхат жасайды.

Бір апталық экспедицияның мақсаты – атауы айтып тұрғандай, туған өлкенің тамаша табиғатын паш етіп, тылсым сырларын ашу. Ел мен жердің тарихын жас өркеннің зердесіне тоқу. Өскелең ұрпақты өлкенің өткенімен таныстыру. Осындай мақсатты ұстанған танымдық экспедицияға қатысуға зерек шәкірттер іріктеліп алынған. Олар бір жеті бойы Қостанай облысының көрікті жерлеріне серуен құрып, мәдени-тарихи орындарды аралап көреді. Саяхаттың алғашқы күнінде қонақтарды Қостанайдағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің ұжымы қарсы алып, білім ошағының жатақханасына орналастырды. Одан кейін жас саяхатшыларға дәнді өлкенің тарихын таныстыруды бастап кетті. Экспедицияның бағдарламасы алдына ала әзірленген екен.

2-бет.

Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

Құрылыстың қарқыны қалай?

Қымбат ДОСЖАНОВА

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшелері Ирина Аронова, Асылбек Смағұлов, Василий Олейник, Сергей Симонов, Әлия Сапарова жұмыс сапарымен Қостанайға келді. Халық қалаулылары Елбасының биылғы 5-қазандағы Жолдауын халыққа түсіндіру және «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасының орындалуымен танысу үшін шаһардағы бірнеше нысандарды аралап көрді.

Мәжілісмендер қаладағы «Юбилейный» шағын ауданындағы құрылыс барысымен танысқан болатын. Қазіргі уақытта шағын ауданда 25 үйдің, яғни 2172 пәтердің құрылысы жүріп жатыр. Шағын аудан құрылысында 380 адам жұмыс істеуде. Мұнда болашақта тұрғындарға қажетті әлеуметтік нысандар, 280 орындық 2 балабақша, 1200 орындық мектеп, емхана, мұз сарайы, ұлттық мәдениет орталығы, смарт-орталық және қонақүй салынбақ.

Депутаттар нысанды жоспарланған мерзімде салып бітіріп, уақытында тапсыру қажеттігін атап өтті. Құрылыс жұмыстарын кешеуілдетуге ешқандай негіз жоқтығын да айтты. Себебі, баспанаға мұқтаж жандардың қажеттілігін өтеу маңызды жұмыс. Сондай-ақ пәтерлердің бағасына, бөлмелердің шаршы көлеміне, жылу маусымына дайындық жайына алаңдаушылық білдірді.

2-бет.

«Туған елге тағзым»

1-бет.

– Бұл экспедиция алғашында туған өлкенің тарихын зерттеуге арналған патриоттық жоба ретінде басталған еді. Оның мақсаты – жеткіншектердің бойындағы патриоттық сезімді ояту. Экспедицияның ерекшелігі – республикадағы Назарбаев зияткерлік мектептері өзара тәжірибе алмасып отырады. Яғни, аталмыш жобаның аясында біздің балаларымыз биыл Шымкенттің тарихымен танысуға мүмкіндік алды. Ал Тараз және Ақтөбе қалаларының оқушылары бізге қонаққа келіп жатыр. Барлығы 28 делегат. Біз олардың таным-көкжиектерін кеңейтуге барынша күш саламыз, – деді Қостанайдағы физика-математика бағытындағы НЗМ-ның жатақхана тәрбиешісі Индира Жұмабаева.

Экспедиция тобы Қостанай қаласындағы тарихи-өлкетану мұражайына, Жеңіс саябағына, тың игерушілер алаңына, Ы.Алтынсарин атындағы мұражайға барып, дала қоңырауының мавзолейіне соқты. Келесі күні Рудныйдағы «Соколов-Сарыбай» тау-кен байыту өндірістік бірлестігіне саяхат жасап, «Жас-қанат-2006» ЖШС құс Фабрикасының тіршілігімен танысты. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы аясында белгілі кәсіпкер, аталған құс фабрикасының директоры Қайрат Майышевпен кездесіп, сыр-сұқбат құрды. Одан кейін Қостанай ауданындағы «Қазақ тұлпары» ЖШС-на ат басын бұрып, жылқы зауытында болды. «Арғымақ» ипподромында балалардың назарына ұлттық ойындар топтамасы қойылды. Танымдық саяхат әрі қарай Науырзым қорығындағы экскурсиямен жалғасатын болады.

– Назарбаев мектептерінің әрқайсысында өздерінің жергілікті жобалары бар. Мысалға, біздің мектептің жатақханасы Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде «Өлке тарихы – Отан тарихының бастауы» жобасын қолға алды. Біз бұл жоба арқылы жастардың кіші Отанына, туған жеріне деген сый-құрметін арттырғымыз келеді. Республикамыздың басқа аймақтарынан келіп отырған жастар экспедиция жұмысына аса қызығушылық танытуда. Ұлы ағартушы Ыбырай атамыздың басына барып, баба рухына тағзым еттік. Балалардың бойынан, жүздерінен өткенді зерделеуге деген қызығушылық байқалады, – деді Индира Жұмабаева.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Жүк тасымалына еш кедергі жоқ

Әлібек ЫБЫРАЙ

Қостанайлықтар көмірден қысылмайды. Коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар мен тұрғындар қатты отынмен 100 процент қамтамасыз етілді. Бұл туралы «ҚТЖ» –Жүк тасымалы» АҚ Қостанай бөлімшесінің директоры Берік Қайдаров баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Үстіміздегі жылдың қаңтар-қыркүйек айларында, яғни, тоғыз айдың ішінде өңірге 160 мың тонна көмір жеткізілді. Оның сыртында тұтынушылар 300 мың тонна қатты отынға қол жеткізді.

– Мәселен, Рудныйдағы жылу-энергетикалық орталықтың қоймасында әдеттегі мөлшерден 2-3 есе артық көмір қоры сақтаулы. Ал астық тасымалына келер болсақ, бүгінге текті 2,8 млн тонна астық жөнелтілді. Бұл өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 51-ке артық. Мұның 2,1 млн тоннасы экспорттың еншісіне тиесілі. Есіл және Тобыл тәрізді ірі теміржол бекеттері арқылы күніне жүздеген вагон жан-жаққа аттанып жатыр. Тоғыз айдың ішінде 200-ден астам вагон жөнелтілді. Оның 119-ы өз еліміздің ішінде, 48-і Өзбекстанға, 21-і Орталық Азия елдеріне, 6-ы Ресей мен Әзірбайжанға, екеуі Грузияға тасымалданды, – дейді Берік Қайдаров.

Оның сөзінше, Ауғанстан, Иран және Ирак мемлекеттеріне астық өнімдерін баламалы әдіспен тасымалдау жолдары қарастырылған. Яғни, өнім Болашақ өткізу бекетінен Түркіменстан арқылы Имамназар, Акина, Серхетабад және Сарахс бекеттеріне тасымалданады.

Мұның сыртында бидайды контейнерлермен тасымалдау көлемі артқан. Қаңтар-қыркүйек айларында Зааятск, Қостанай, Есіл бекеттері арқылы 7 мың тоннадан астам астық жөнелтілген. Бұл өнімдерді диттеген жеріне шұғыл түрде жеткізеді әрі уақытты біршама үнемдейді. Тоғыз айдың ішінде 980 мың тонна қайта өңделген ұн тасымалданған. Оның 812 мың тоннасы экспортқа тиесілі.

– Жүк тасымалдауға қажетті вагондар жеткілікті. Оның үстіне жаңа вагондарымыз бар. Ендеше, тасымал мәселесінде ешқандай кедергі туындамайды, – дейді «ҚТЖ» - Жүк тасымалы» АҚ филиал директоры.

Жыл аяғына дейін ай сайын тағы 400 мың тонна жүк тасымалдау жоспарланып отыр. Бұл, біріншіден, тұтынушыларға әлеуметтік маңызы бар жүктерді дәл уақытында, жеткілікті көлемде жеткізуге септігін тигізеді.

Жұмыс сапасы сараланды

“Атамекен” кәсіпкерлер палатасының ғимаратында осы жылғы 6-шы ведомствоаралық жұмыс тобының отырысы өтті. Ведомствоаралық жұмыс тобы халыққа мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында 2016 жылы құрылған. Қатысушылар осы жылдың 9 айында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті анықтаған бұзушылықтарды талқылады және оларды жою бойынша ұсыныстар енгізді.

Шағымдардың көбі Қостанай қаласы және Қостанай ауданы әкімдігінің лауазымдық тұлғаларына келіп түсетінін ескере отырып, аталған өңірлер әкімдері аппараттарының басшылары болашақта оларды болдырмау үшін қабылданған шаралар туралы айтты. Осылайша, Қостанай қаласы әкімі аппаратының басшысы Айдар Бердиходжаев мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшіліктерді мойындады, сондай-ақ болашақта мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде заңнаманың қатаң сақталуын, сондай-ақ осы мәселені жеке бақылауды ұстауды қамтамасыз ететінін айтып өтті. Атап айтқанда, департаментке бұрын шағымданған жер учаскелерін беруден бас тарту туралы өтініш берушілердің 62% өтініші қанағаттандырылды. Өз кезегінде, топ мүшелері мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың себептері туралы жазбаша ғана емес, ауызша түсініктеме азаматтардың қанағаттануын арттырады деген бірауызды пікірге келді.

Хаттамада бас тартудың себептері туралы ақпаратқа еркін қолжетімділікті қамтамасыз ететін қала әкімдігінің базасында алаң құру ұсынысы көрсетілген. Қостанай ауданы әкімі аппаратының басшысы Андрей Финк жиналысқа қатысушыларға қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын адамдарға қатаң тәртіптік шаралар қолданылатыны туралы айтты. Мысал ретінде ол аудандық жер қатынастары бөлімінде негізді шағымдардың көптігіне байланысты бөлім басшысы және бас маман лауазымдарынан босатылғанын келтірді.

Агенттік департаменті басшысының орынбасары Асхат Ескендіровтың айтуынша, мемлекеттік қызметшілердің жазасы бұл мәселенің шешімі емес. Сондай-ақ, ол тиісті ішкі бақылау арқылы бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ уақтылы әдістемелік көмек көрсету қажеттігін қоса кетті. Бұдан басқа, мемлекеттік қызметтерді алу кезінде байланысты қысқарту мақсатында, ол Қостанай ауданы әкімінің аппарат басшысына Лисаков, Рудный және Әулиекөл аудандарының оң тәжірибесін зерделеуді ұсынды.

Кездесудің екінші жартысында “Азаматтарға арналған үкімет” мемлекеттік корпорациясы филиалының өкілі Аян Сүлейменов халықты электронды мемлекеттік қызметтермен қамту бойынша 9 айдың қорытындысын шығарды. Жалпы алғанда, мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің денсаулық сақтау, білім беру мекемелеріне 800-ден астам сапары болды, сапар барысында 29 283 қолданушылар оқытылды, 16 мыңға жуық ЭЦҚ берілді, мобильді азаматтар базасында 10 мыңнан астам адам тіркелді.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің баспасөз қызметі.

Құрылыстың қарқыны қалай?

1-бет.

Облыстық құрылыс басқармасы өкілінің айтуы бойынша «Юбилейный» шағын ауданындағы пәтерлер «7-20-25» ипотекалық бағдарламасы шеңберінде сатылады. Бұл бағдарлама бойынша әкімдіктерге бастапқы жарналарды жергілікті бюджет есебінен ішінара субсидиялау тетіктерін қарастыру тапсырылған болатын. Осы бағытта жас отбасылар мен бюджеттік сала қызметкерлері үшін алғашқы жарнаның жартысын қайтарып беру жөнінде әлеуметтік көмек қарастырылады.

– Елбасының «7-20-25» бағдарламасының арқасында түрлі мамандық иелері өздерінің алғашқы үйлерін алып жатыр. Бұл үлкен қуаныш. Бүгіндері «Президенттің 5 әлеуметтік бастамасы» Қазақстанда белсенді түрде іске асырылуда. Сондықтан Елбасы биылғы Жолдауында бес бастаманың маңызды ролін атап өтті, – деді «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі Асылбек Смағұлов.

Халық қалаулылары «7-20-25» бағдарламасының Қостанай облысында енді ғана іске асырылып жатқанын айтты. Бағдарламаның іске асуын жеделдету үшін нарықта тұрғын үйлерді көбейту қажет екен. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» қостанайлық филиалы өкілінің айтуынша, «Юбилейный» шағын ауданында жыл соңына дейін 5 үй, соның ішінде 600 пәтер іске қосылмақ.

– Бүгін біз «Юбилейный» шағын ауданындағы құрылыс барысымен таныстық. Президенттің тұрғын үй құрылысын дамытуды қолдау жөніндегі Жолдауда атаған тапсырмаларын іске асыру Қостанайда қарқынмен жүргізіліп отырғаны көрініп тұр. Облыста «7-20-25» бағдарламасына сұранысты арттыру үшін құрылыс компанияларының санын көбейту керек. Себебі, қазіргі таңда құрлысқа арналған қаржылық қолдаулар көп. Нарықта бәсеке артқан сайын пәтерді төмен бағамен сатып алуға мүмкіндік туады, – деп атап өтті мәжілісмен Сергей Симанов.

БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Әр ауылға жеке бюджет

«2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2 мыңнан астам адам тұратын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар мен ауылдық округтерде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен коммуналдық меншігін енгізу заң жүзінде белгіленген. 2020 жылдан бастап бұл нормалар барлық елді мекендерде күшіне енеді. Салықтық және салықтан тыс басқа да түсімдердің 7 түрі, сондай-ақ шығындардың 19 бағыты ауыл бюджетіне берілді. Бұл жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін халықты тартуға мүмкіндік береді».

Н.Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы өңір экономикасын ілгерілетуге септігін тигізеді. Соның нәтижесінде 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Қостанай облысында тұрғын-дар саны 2 мың адамнан асатын 45 ауылдық округ бюджеттің дербес деңгейіне және жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін басқаруға ауысты. Қазіргі уақытта аталған ауылдық округтер аудан орталықтарымен тығыз байланыс орнатқан. Сондай-ақ, бюджетті және коммуналдық меншікті қалыптастыру туралы мәселелер әбден пысықталды.

– Бюджеттің 4-ші деңгейі жұмысының бірінші жылы аяқталып қалды. Сондықтан, осы кезеңде белгілі бір қорытындылар шығаруға болады. Бюджетті жоспарлау мен игеру, коммуналдық меншікті басқару бойынша оң үрдістерді атап өткен жөн. Дегенмен, барлық 45 ауылдың бюджеті субвенциялық тұрғыда қарастырылатынын ескерсек, олардың шығындары өз кірістерінен асып түседі, ал жетіспейтін қаражат аудандық бюджеттерден өтеледі. Жалпы субвенциялықтың орта проценті шамамен 45,4% құрайды, ал жеке ауылдар мен ауылдық округтер бойынша 89,2%-ға дейін жетеді. Аудандық бюджеттерге тәуелділіктің ең төменгі көрсеткіші Әулиекөл ауылы (0,6%), Жітіқара қаласы (1,3%), Қостанай ауданының Мичурин ауылдық округі (13,5 %) және Затобол кентіне (19,3 %) тиесілі. Ал ең жоғары көрсеткіш Науырзым ауданының Қарамеңді ауылдық округі (89,2%) мен Қарасу ауданының Октябрьское ауылында (88,2%). 2020 жылдан бастап өңірдегі барлық 243 ауылдық округ дербес бюджетке ауысады. Сол себепті бірқатар кемшіліктерді қазірден дұрыстау қажет. Енді әр ауылмен жеке жұмыс істейтін боламыз, – деді Қостанай облысы әкімінің орынбасары Ерлан Спанов.

2020 жылдан бастап ауыл аумағындағы барлық коммуналдық меншік ауданның коммуналдық меншігінің құрамына кіреді және оны аудан әкімдігі басқарады. Жергілікті өзін-өзі басқару мүлкі жергілікті қазына мүлкінен (жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің қаражаты, коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де коммуналдық мүлік) және коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен құралатын болады.

Ауыл бюджетінің кірістері үш бөлімнен тұрады. Олар: салықтық түсімдер, қосымша түсімдер және аудандық бюджеттен берілетін трансферттер. Салықтық түсімдер төлем көздеріне салық салынбайтын кірістерден алынатын жеке табыс салығы, жеке тұлғалардың мүлігіне салынатын салық, жеке және заңды тұлғалардан алынатын көлік салығы, елді мекендердің жерлеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын жер салығы, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдар, кенттер, ауылдық округтердің аумақтары арқылы өтетін автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы жарнаманы орналастыру үшін төлемақы жатады.

Қосымша түсімдер тізбесі есебінде мемлекеттік мүлікті жалға беруден түсетін кірістер, жеке және заңды тұлғалардың ерікті алымдары, әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін алынатын айыппұлдар, коммуналдық мүлікті сатудан түскен кірістер бар.

Үшіншісі – аудандық бюджеттен берілетін трансферттер.

Жалпы, ауыл мен кенттерді қаржыландыру аудандық бюджет құрамындағы 19 бюджеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылады. Еліміздің бюджет жүйесі 3 деңгейден тұрса, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер деңгейінде дербес бюджет жоқ. 2020 жылдан бастап барлық жерлерде мемлекеттік бюджеттің 4-деңгейі ретінде енгізілмек.

Ал жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджетін аудандық мәслихат бекітіп, оның атқарылуы ауылдық округ әкімі мен оның аппаратына жүктеледі. Осылайша, заң жобасында жергілікті қоғамдастықтың мүдделерін ескере отырып, бюджет шығыстарын жоспарлауға мүмкіндік беретін тетіктер көзделген.

Облыс көрсеткіштеріне қайта оралсақ, жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін енгізу ауылдық округтердің қаржылық мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік берді. Өткен 9 айдың қорытындысын есепке алсақ, 45 ауыл 932,5 млн теңге пайда түсірген. Бұл көрсеткіш негізгі жоспардағыдан 12,2 пайызға жоғары. Атап айтқанда, Қостанай ауданының Затобол кенті 164,9 млн теңге, Әулиекөл ауылы 38,4 млн теңге, Сарыкөл ауылы 36,3 млн теңге пайда тапты. Сонымен қатар, Арқалық қаласындағы Родина ауылдық округінің пайда түсімі – 2,9 млн теңге ғана.

Ерлан Спанов айтқандай, жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлін күшейту кадр саясатына да байланысты. Тиісінше, жас мамандарды ауылдық жерлерге тарту мәселесі де толығымен шешілмей келеді. Мәселен, 11 ауылдық округ аппаратында 18 бос орын бар. Әзірге 3 ауылдың әкімдеріне жыл аяғына дейін қажетті мамандарды тарту жұмыстары жүктелді.

Теңгедегі таңбалар

Нұрқанат ҚҰЛАБАЕВ

Биыл ел тәуелсіздігінің бас нышандарының бірі – төл теңгемізге 25 жыл толып отыр. 1993 жылдың қараша айында сабан ақшамен қош айтысқан қараша жұрт тарих қойнауынан тіріліп қайта оралған теңгесімен қауышты. Қарашаның қақ ортасынан бастап халық 1 теңгені 500 сабан ақшаға айырбастап ала бастады. Ол кездегі 1 АҚШ долларының құны 4,75 теңге еді. Қағаз тиындар да көдімгідей қауқарлы болатын. Бүгінде әлемдегі жалғыз қос тілді валюта ретінде танылған теңге ширек ғасыр бойы ел азаттығын айшықтап, экономикалық тәуелсіздігіміздің тірегі болып келеді. Біздің мақсатымыз – ұлттық ақшаның ғаламдық валюта кеңістігіндегі орнын, теңгерімін талдау емес, оның сырт бедеріндегі ерекшеліктерге тоқталу. Алғаш теңге банкноттарының 4 түрлі дизайны жасалды. Ол банкноттарда Қазақстанның тарихи тұлғалары мен шығармалары, тарихи нысандар мен ел табиғатының көріністері бейнеленді. Тарихи дерекке жүгінсек, теңгені дайындау жұмыстары 1992 жылы қолға алынып, сол жылдың 27 тамызы күні Ұлттық банк теңгенің алғашқы үлгілерін бекітті. Ал ертеңінде ұлттық валютаның алғашқы авторлары – суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлеловтер Англия еліне аттанды. Теңге Англиядағы әйгілі «Харрисон және оның ұлдары» фабрикасында басылды. Жаңа валютаны елге тасымалдау үшін төрт ұшақ ағылшын еліне 18 мәрте қатынады. Бұл жайында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев былай деп еске алады: «Ил-76» төрт ұшағын жалдап алып, ақшамыздың 60 пайызын тасып әкелдік. Бұл өте құпия операция еді. Құжаттарға: «Мемлекет басшысының салынып жатқан резиденциясына керекті мүлік» деп жазылды. Оған дейін облыстарда жерасты қойма жасатып қойдық. Төрт ұшақ аптасына Лондон-Орал, одан облыстарға дейін әрлі-берлі он сегіз рейс жасап тұрды. 12 қарашаны мен ақшаны енгізу күні деп жариялады».

Тұңғыш теңгеде белгілі тарихи тұлғалардың портреттері, Алатау мен Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бейнесі, Маңғыстаудан табылған тастағы таңбалар пайдаланылды. Бір теңгелік банкнотқа Әбу Насыр әл-Фараби, үш теңгелікте Сүйінбай, бес теңгелікте Құрманғазы, он теңгелікте Шоқан, жиырма теңгелікте Абай, елу теңгелікте Әбілқайыр хан, жүз теңгелікте Абылай хан бейнесі сомдалды.

1994 жылы қағаз тиындардың орнына жезден жасалынған монеталар шықты. Ұлттық валюта банкнот және монета түрінде айналысқа енгізілді. Қазір банкнот – Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал тиындар Өскемендегі Монета сарайында шығарылады. Монета сарайынан ақша айналымындағы тиындармен қатар, көпшілік көзіне түсе бермейтін бағалы металлдан құйылған коллекциялық монеталар шығарылады. Бұл монеталарда ел тарихындағы маңызды оқиғалар, қазақтың әдет-ғұрыптары мен ұлттық ою түрлері, сәулет және тарихи ескерткіштер, Қазақстандағы жануарлар және өсімдіктер әлемі, шығыс күнтізбесі, ұлттық бейнелеу өнері, т.б. бедерленген. Мәселен, «Республика игілігі» сериясымен шыққан

500 теңгелік монетаның бірі «Алтын дән даласы» деп аталады. Алтын дән даласы – Қазақстан Әнұранынан алынған өлең жолы. Оның негізіне халық арасында танымал «Менің Қазақстаным» атты патриоттық ән алынды. Десек те, «Алтын дән даласы» ескерткіш монетасын ұстаған адамның ең әуелі Қостанай өңірінің астықты алқаптары көз алдына келері сөзсіз. Монетаның дизайны еңбек қаһарманы, Дикан Ана – Кәмшат Дөненбаеваны еске түсіреді. Монетаның реверсінде дәнді даланың аясында қолына таба нан ұстаған, ұлттық киімдегі АНА тұлғасы бейнеленген. Сол жақ бөлігінде мемлекеттік тілдегі «АЛТЫН ДӘН ДАЛАСЫ» деген жазба бар күннің алтындатылған бейнесі және соғылған жылын білдіретін «2017» деген сан орналасқан. Оң жағында алтындатылған бидай масағы және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бейнеленген.

Төл теңгеміздің сырт бедерінде Қостанай қаласы да көрініс тапқан. 50 теңгелік бұл монета 2013 жылғы 05 қарашада айналысқа шықты. Монетаның сырт бетінің орталық бөлігінде Қостанай қаласының гербі бейнеленген.

ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР

Жыл жетістігі қандай?

Қостанай қаласының әкімдігі 9 айдың көрсеткіштерін жария етті

Жылдың тоғыз айы да өтті. Қостанай қаласында әлеуметтік-экономикалық бағытта қандай шаруалар атқарылды, алдағы күндердің міндеттері қандай? Қала активінің жиынында осы мәселелер күн тәртібіне қойылды.

Қостанай қаласының әкімі Базыл Жақыпов 2018 жылдың 9 айындағы басты көрсеткіштерді атап көрсетті. Бүгінде тауарлар мен қызметке бағалар бойынша инфляция 103%-ды құрады. Ал жұмыссыздық деңгейі – 0,6 %. Қостанай қаласының басты өндіріс көзі – автомобиль құрастыру. Биыл 8 мың автокөлік шығарылды. Алдағы жылдары 25 мың дана көлік шығару жоспарда бар.

Қостанай қаласы облыстың өндіріс саласын дамытуға айтарлықтай үлес қосып келеді. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 34%-ға жетіп отыр. Жеке сауданың үлесі – 62 %. Жалпы Қостанай қаласы 214,4 млрд теңгенің өнімін шығарды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 106,4% артық. Негізгі капиталға 45,2 млрд теңге инвестициялар түскен. Бұл ретте тұрғын үй сектору, шағын және орта бизнес, коммуналдық шаруашылық салаларында өсім байқалады, – деді Базыл Шамұханұлы.

Қостанай қаласында тұрғын үй салу жұмыстары едәуір өскен. Қазіргі күні аталған көрсеткіш 68,7%-ға тең. 2017 жылы Қостанайда тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша 5,5 млрд теңге қаражат толығымен игерілді.

Негізі, өңірде Елбасының биылғы Жолдауын жүзеге асыру, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында тұрғын үй құрылысын жылына 10%-ға, ал несиелік тұрғын үй құрылысын екі есеге арттыру жоспарланып отыр. Мұндай деректі Жолдауды талқылау бойынша актив отырысы барысында құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Нұрлан Қатарбеков мәлім етті.

"7-20-25" бағдарламасын іске асыру шеңберінде екінші деңгейдегі банктерге 392 млн теңгеге 49 өтінім түсті, оның ішінде 299 млн теңге сомасына 39 өтінім мақұлданды. Осы тұрғын үй бағдарламасы аясында Мемлекет басшысы әкімдерге жергілікті бюджеттен жеңілдікті ипотека бойынша бастапқы жарналарды ішінара субсидиялау мәселесін зерттеуді тапсырған еді.

– Қазіргі таңда Астана мен Шымкентте пилоттық режимде 2 жоба – бюджет саласының қызметкерлері үшін "Қамқор баспана" және жас отбасылар үшін "Жас арман" жобасы жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобалардың басты артықшылығы – баспана құнының 20%-ын төлеген кезде, 10%-ын жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді. Осы тәжірибені зерттеп, оны облыс аумағына енгізуіміз қажет", – деп хабарлады Н.Қатарбеков. "2018 жылы "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасының аясында облыста 290,9 мың шаршы метр баспана салынған. Бұл өткен жылғыдан 10% жоғары. Біз жыл сайын тұрғын үй құрылысын 3500 пәтерден 4500 пәтерге дейін 10% өсіруді жоспарлап отырмыз, – деді Нұрлан Қатарбеков.

Қазіргі таңда облыста Қостанай қаласында тұрғын үй құрылысы белсенді жүріп жатыр. "Солтүстік-Батыс", "Алтын-Арман", "Жаңақала", "Аэропорт", "Юбилейный" шағын аудандарының аумағында жаңа үйлер салынып жатыр. "Юбилейный" шағын ауданындағы 9 үй бой көтереді. Оның ішіндегі 4 үй жеке инвесторлардың қаржысымен салынуда. Келесі жылы қалған 11 үйдің қабырғасы қаланбақ.

Биыл "Smart city" жобасы аясында Қостанайдағы көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандардың ғимараттарына QR-кодтар орнатылды. Тұрғындар аталған кодтар арқылы нысанның тарихын, пошталық индексін біле алады. Сондай-ақ, әр үйге бекітілген учаскелік полицей мен дәрігердің есімдері жазылған. Бұл жобаның құны 18 млн теңгеге жуықтап отыр. Осы жылдың қыркүйек айына дейін қаладағы 1100 көпқабатты үй мен әлеуметтік нысандарға арнайы кодтар енгізілді. Бұған қоса қаланың "Ақылды картасы" жасалады. Мұнда көшелердің тізбегі, коммуникациялар мен ғимараттар көрсетіліп тұрады. "Ақылды карта" алдағы екі жыл ішінде толықтай жасалынып, пайдалануға беріледі.

Қала басшысы жаңа тұрғын үй массивтерінде жоба бойынша көгалдандыру, жол салу қарастырылғанын, тұрғын үй сапасына қатысты құрылысшыларға талап күшейіп отырғанын мәлімдеді.

Қостанай қаласындағы өткен жылы іргесі қалана бастаған Индустриялық аймақ инвесторларға қолайлы жағдай туғызатын, өміршең жобаларды жүзеге асыратын алаң болып отыр. Онда биыл жыл соңына дейін 4 жоба жүзеге асады. 400 гектар жерді алып жатқан аймақтың қазір қажетті инфрақұрылымын жасайтын құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Индустриялық аймақ алғашқы сатыда газбен, сумен, электр энергиясымен жабдықталады. Оның сыртында канализация, таза су сорғылары секілді құрылыс жұмыстары да қатар жүреді. Аймаққа тас жол және темір жол кіргізу жоспары да бар. Жыл аяғына дейін мұнда алдымен Минск трактор зауытының лицензиясымен "Беларусь" маркалы трактор құрастыратын өндірістің іргесі қалана бастайды. Инвестор – көрші Ресейдің Свердлов облысындағы "Композит Групп" холдингі. Ол индустриялық аймаққа әмбебап цехын орналастырады. Жергілікті бюджет қаржысына салынған өндіріс ғимараты инвесторға болашақта сатып алу құқымен жалға беріледі. Жобаның құны оның алғашқы сатысында 2,3 млрд теңге, жақын жылдары 15 млрд теңгеге дейін жетеді. Өндірісте 200 адам жұмыс орнын табады. Индустриялық аймаққа "Астық" элеваторлық құралдар зауыты өзінің құрылыс материалдары және металл құрылғылары цехын салады. Құны 1 млрд теңге болатын цех 20 шақты адамға жұмыс береді. Биыл іске асатын төртінші жоба бойынша қытайлық компания (YTO Group Corporation) YTO маркалы трактор құрастыратын өндірісті іске қосады. Жобаға қытайлықтар 1 млрд АҚШ долларын құяды.

Қостанайдағы пәтер иелерінің тұтынушылар кооперативі (ПИТК) "е-Қостанай" жүйесіне қосылады. Қостанай облысы әкімдігінің ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Еркебұлан Әбдікәрімов Қостанайдағы ПИТК жаңа жүйеге көшетінін айтты.

– Қостанайда "Ақылды бағдаршам", "Ақылды транспорт" және SmartKostanay сынды мобильді қосымшалар іске қосылған. Сонымен қатар, көпқабатты үйлердің қабырғаларына QR-кодтар орнатылды. Бұл әр ғимараттың тарихы туралы мәлімет алуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта цифрландыру бағдарламасы бойынша "е-ПИК", "Ақылды аудан" жобалары жасалынып жатыр, – деді Еркебұлан Әбдікәрімов.

Бүгінге дейін Қостанайдағы 30 ПИТК "е-ПИК" жүйесіне қосылды. Жыл аяғына дейін барлық ПИТК жаңа жүйеде жұмыс істейтін болады.

– Бұл жүйе ПИТК жұмысының шынайылығын көрсетеді. Жұмыс көлемі, сапасы туралы мәліметтерді қарауға болады. Жыл соңына дейін 56 ПИТК қосылады, – деді басқарма басшысы.

Қалада "Бизнестің жол картасы 2020" кәсіпкерлік бағдарламасы аясында 10 ірі инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Нәтижесінде 40 млрд теңге өнім шығарылады. Сондай-ақ, 450 тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

2018 жылғы 1 қазандағы мәліметке сәйкес, Қостанайда 24 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Шағын кәсіпорындар 52 млрд теңге өнім нарыққа шығарды. Жалпы, қалада 224 жаңа кәсіпорын тіркеліп, 215 штат ашылды.

Жыл басынан бері 6 ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтті. Барлығы 198 млн теңгеге 481 тонна өнім сатылды.

Қала әкімі атап көрсеткендей, Қостанай қаласының бюджетін игеру кезінде әлі де көптеген жұмыстар жүзеге асырылуы тиіс.

Жылы аялдама ашылды

Қостанайда бірінші рет қыс мезгіліне бейімделген аялдама ашылды. Жаңа нысан "Kostanay Plaza" сауда, ойын-сауық орталығының маңында орналасқан. Басты ерекшелігі – аялдама іші жылытылады. Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, аялдама ішінде қыста +18 градус температура сақталады. Әзірге пилоттық режимде бір ғана аялдама іске қосылды.

– Бұл павильон бейнекамералармен жабдықталған. Нысан іші орталық диспетчерлік пункт арқылы бақылаып отырады. Аялдаманы екі пеш жылытады, – деді қалалық ТКШ бөлімінің басшысы Алексей Тарасов.

Аялдама автоматты түрде таңғы сағат 6:30-да ашылып, түнгі 23:15-те жабылады. Алексей Тарасов айтқандай, жоба құны – 4,5 млн теңге. Қаржыны облыс орталығындағы шаруа қожалығы бөлген.

Суреттер газет мұрағатынан және қала әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды.

"Қостанай және қостанайлықтар" айдарын Қасқырбай Қойшыманов жүргізеді Gmail: koishymanovkt@gmail.com

Құтқарушылар құрметке бөленді

Қарлығаш ОСПАНОВА

Қаламыздағы балалар шығармашылығы үйінде облыстық ТЖД қызметкерлері өздерінің төл мерекелерін атап өтті. Салтанатты жиында облыс әкімінің орынбасары С.Карплюк абыройлы қызметті мінсіз атқарып жүрген бір топ сала мамандарын марапаттады.

Салтанатты жиында төтенше жағдай қызметкерлері мен ардагерлерін төл мерекелерімен құттықтаған облыс әкімінің орынбасары өңіріміздің шалғайдағы елді мекендерінде өрт сөндіру бекеттерін ашу, төтенше жағдайдың алдын алу және жою жұмыстары бойынша жергілікті атқарушы органдар мен ТЖД-нің бірлескен жұмыстарының оң нәтижесін тілге тиек етті. Ал облыстық ТЖД бастығы азаматтық қорғау полковнигі Т.Кәкімов қазіргі таңда қостанайлық құтқарушылардың өз жұмысын абыроймен атқарып жүргендерін әрі заман талабына сай технологиялар мен арнайы жабдықтарды енгізудің нәтижесінде төтенше жағдайларды бақылау және болжау жүйесінің де дамып жатқандығын ерекше атап өтті.

Жалпы, биылғы жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша апатты құтқару жасағы екі мыңнан астам түрлі құтқару шараларына қатысып, мыңнан астам адамның өмірін сақтап қалған көрінеді. Ал төрт жүзге жуық адам ажал аузынан аман қалған. Сондықтан, құтқарушылар қандай құрметке болсын лайықты. Мерекелік кеште қостанайлық құтқарушыларға мемлекеттік мекемелердің басшылары, ардагерлер мен басқа да шақырылған қонақтар тарапынан көптеген жылы сөздер, құттықтаулар мен тілектер айтылды. Осы салада абыройлы еңбек етіп жүргендер ҚР

ІІМ наградаларымен және облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Қызыққа толы неміс фестивалі

Қымбат ДОСЖАНОВА

Қостанай облысында неміс мәдениетінің күндері өтті. Бұл мәдени іс-шара екі күнге жоспарланған болатын. Бірінші күні кеңестік кезеңдегі неміс этносының тағдыры туралы жазылған шығармалардың таныстырылымы өтті. Оқырмандарға арналған шығармашылық кездесулер ұйымдастырылды. Екінші күні көрсетілген "Эрвин Иммекусаның жолы" деректі фильмі көпшіліктің көңілінен шықты. Аталмыш туынды 2015 жылғы Берлин кинофестивалінде жүлдегер атанған болатын. Мәдени шараның қорытындысы "Begeisterung-2018" фестивалімен аяқталды. Көңілді кеш көрерменді ыстық ықыласқа бөледі. Гала-концертте 340 қатысушы өнер көрсетіп, неміс ұлтының мәдениетін барынша көрсетуге тырысты. Жиналғандар өнерпаздарға деген қошеметтерін аяған жоқ.

Біздің өңірімізде 28 мыңға жуық этникалық неміс тұрады. Олардың дені 1941-1942 жылдары Қазақстанға жер аударылған немістердің ұрпақтары. Бүгінде олар өздерінің төл мәдениеттерін дамытып, әдебиеті мен өнерін жетілдіруде. Осы мақсатта Қостанай қаласында "Возрождение" облыстық неміс мәдени орталығы жұмыс істейді.

"Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы" ММ бос қызмет орнына конкурс жариялайды:

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қарабалық аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны бақылау кеңесі мүшесі.

Конкурс өткізу күні: хатқалтаны ашқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде.

Конкурс өткізу орны: 110000 Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қ., Быковский көшесі 4а, №311 кабинеті, телефон: 8 7142 390-517.

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қарабалық аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны мына мекенжай бойынша орналасқан: 110900 Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қарабалық қ., Фабричная көшесі, 2, телефоны: 8(71441) 3-51-52.

Негізгі қызметі: денсаулықты сақтау және оларды сақтауда кепілдікті қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасы азаматтарының консультативтік құқықтарын қамтамасыз ету, жүзеге асыру.

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай облыстық ауруханасы" РМК конкурсқа қатысушыларды ұсыну талаптары:

– жоғары білімі болуы, сондай-ақ, келесі талаптарды қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйым бейіні және/ немесе экономика/ қаржы және(немесе) бизнес және (немесе) құқық бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе басқару лауазымында ұйым бейіні және/ немесе экономика/ қаржы және(немесе) бизнес және (немесе) құқық бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысу туралы өтініш ұсыну мерзімі:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні мерзімді басылымдарда конкурс өткізу туралы жарнамасын орналастырған күннен кейін анықталады.

Құжаттарды қабылдау мерзімді басылымдарда конкурс өткізу туралы жарнамасын орналастырған күннен кейін отыз күнтізбелік күннен соң аяқталады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініші (еркін нысанда);

2) түйіндеме мемлекеттік және орыс тілдерінде;

3) өмірбаян (еркін нысанда);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаты көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық санақ және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аймақтық бөлімшелерімен берілген сотталмағандығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурс қатысушысы өзінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігіне (біліктілігін арттыру, білімі деңгейі мен атағын, ғылыми жарияланымдарын беру, бұрынғы жұмыс орнынан ұсыныс беруі туралы құжаттардың көшірмесі) қатысты қосымша ақпараттарды ұсынуы тиіс.

Қатысушы хатқалтаға конкурстық өтінім түпнұсқасын салып, оны "Түпнұсқа" деп белгілеп желімдейді. Осы хатқалтада қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) мен мекенжайы көрсетілуі тиіс. Осыдан кейін хатқалта сыртқы хатқалтада желімделінеді.

Ішкі және сыртқы хатқалталар:

1) "Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы" ММ мына мекенжайы бойынша жіберілуі тиіс: Қостанай қ., Быковский көшесі, 4а, 311 каб.;

2) "Қостанай облыстық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бақылау комитетінің мүшесі конкурсы" және "2018 жылғы "24"қарашасы сағат 10 дейін ашпау" деген сөздер болуы керек.

Конкурстық өтінім бір данадан жіберіледі.

Құжаттарды қабылдауды бастау күні: 2018 жылғы "25" қазан.

ГУ "Управление здравоохранения акимата Костанайской области" объявляет конкурс на занятие вакантной должности:

члена наблюдательного совета в коммунальном государственном предприятии "Карабалыкская центральная районная больница" Управления здравоохранения акимата Костанайской области.

Дата проведения конкурса: в течение пяти рабочих дней со дня вскрытия конвертов.

Место проведения конкурса: 110000 Республика Казахстан, Костанайская область, г.Костанай ул. Быковского, 4 а, кабинет №311, телефон: 8 (7142) 390-517.

Коммунальное государственное предприятие "Карабалыкская центральная районная больница" Управления здравоохранения акимата Костанайской области расположена по адресу: 110900 Республика Казахстан, Костанайская область, п.Карабалык, ул.Фабричная, 2, телефон: 8 (71441) 3-51-52.

Основная деятельность: обеспечение, реализация конституционных прав граждан Республики Казахстан на охрану здоровья и обеспечение гарантий их соблюдения.

Требования, предъявляемые к участникам конкурса:

– наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;

